

## "Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілеттік қызмет стандартын бекіту туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 6-4/1072 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 26 қаңтарда № 12933 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 283 бүйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.09.2020 № 283 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

"Мемлекеттік көрсетілеттік қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілеттік қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су және биологиялық ресурстар департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберілуін;

3) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

А. Исекешев

2015 жылғы 15 желтоқсан

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

міндеттін атқарушы

М. Құсайынов

2015 жылғы 31 желтоқсан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы " "

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2015 жылғы 8 желтоқсандағы

№ 6-4/1072 бүйрүгымен

бекітілген

## **"Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.02.2019 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүгымен.

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. "Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсете нәтижелерін беру "электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсете тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсете мерзімі: 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

5. Мемлекеттік қызметті көрсете нысаны: электрондық (толығымен автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсете нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға арналған өтінімді қарастыру нәтижелері туралы хабарлама немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту.

Мемлекеттік қызметті көрсете нәтижесін беру нысаны: электрондық.

Хабарлама көрсетілетін қызметті алушы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркелген кезде көрсеткен электрондық почтаның мекенжайына жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және занды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі

8. Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Занының 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінімдерді қабылдау немесе мемлекеттік қызметті көрсете нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы порталға көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсынады.

Порталда өтінімнің қабылдағанын растау - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе көрінеді.

10. Көрсетілетін қызметті берушілер мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6 -3/597 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12714 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

### **3-тaraу. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым тиісті көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша жазбаша нысанда поштамен немесе жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы қолма-қол беріледі.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), почталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның шағымында оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Шағымның қабылдағанын шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оның тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) растайды.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефондары арқылы алуға болады.

Портал арқылы электрондық шағым жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға порталдағы "жеке кабинетінен" арыз туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің арызды өндеуі барысында (шағымның

жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүргіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес сотқа жүтінеді.

#### **4-тaraу. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;

2) Министрліктің [www.moa.gov.kz](http://www.moa.gov.kz) интернет-ресурсындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінің "Мемлекеттік қызметтерді көрсету орындарының мекенжайлары" деген кіші бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары [www.moa.gov.kz](http://www.moa.gov.kz) интернет-ресурсында көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

"Ауыл шаруашылығы тауарын  
өндірушілерге су беру  
қызметтерінің құнын  
субсидиялау" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына  
1-қосымша

**Субсидиялар алуға арналған өтінімді қарau нәтижелері туралы № \_\_\_\_\_  
хабарлама**

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_"

---

(көрсетілетін қызметті алушы)

Жүргіну мақсаты \_\_\_\_\_

(субсидияланатын бағыт)

Жүгінген күні 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_"

Шешім: \_\_\_\_\_

---



---



---

"Ауыл шаруашылығы тауарын  
өндірушілерге су беру  
қызметтерінің құнын  
субсидиялау" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына  
2-қосымша

Нысан

Облыстың (Астана, Алматы,

Шымкет қалаларының)

Ауыл шаруашылығы

басқармасының басшысы

(аты, әкесінің аты (бар болса),  
тегі)

**20 \_\_ жылдың \_\_\_\_\_ айы үшін су беру жөніндегі көрсетілетін  
қызметтерге субсидиялар алуға арналған өтінім**

1. Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші

---

(атауы)

2. Орналасқан жері: \_\_\_\_\_

(облыс, аудан, кент, көше)

3. Өтінім беруші туралы мәліметтер:

№	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
1.	Занды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама	тіркеу нөмірі мемлекеттік тіркелиген күні кім берді	

		бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)	
2.	Жеке тұлға үшін – жеке басын күэландыратын құжат	жеке басын күэландыратын құжат нөмірі жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) кім берді берілген күні	
3.	Жеке тұлға үшін – дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама	тіркелген күні кім берді берілген күні жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	
4.	Өтінім берушіге жер пайдалану немесе жеке меншік құқығында тиесілі жер участексеріне сәйкестендіруші және (немесе) құқық белгілеуші құжат	кадастрық нөмірі барлық алаңы, гектар оның ішінде суармалы жерлер нысаналы мақсаты сәйкестендіруші құжаттың нөмірі және берілген күні, кім берді жер участексі иесінің немесе жер пайдалануышының атауы	
5.	Су көзі	су көзінің атауы (өзен, бұлак, суландыру жүйесі, су таратқыш, су бөлгіш) су берушінің тарифі (тенгемен) су берушімен жасалған су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсыну туралы жасалған шарттың нөмірі және күні	
6.	Өндеп өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша суаратын суды тұтыну көлемі	егілетін дақыл егіс алаңы, гектар суландыру нормасы (бір гектарға текше метр) су тұтыну көлемі (мың текше метр) суару тәсілі	
7.	Ағымдағы шотының бар-жоғы туралы ақпарат	банктің немесе Ұлттық пошта операторының деректемелері: банктің немесе Ұлттық пошта операторының атауы: бизнес-сәйкестендіру коды (БСК) корреспонденттейтін шот (К/Ш) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) Бенефициар коды (Кбе)	
8.	Алынған суаратын суға бастапқы төлем құжаттары	төлем сомасы, теңге төленген суаратын судың көлемі, мың м3 (текше метр) су берушінің занды мекенжайы нөмірі берілген күні	

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Отінім беруші 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойып, жіберді:  
ЭЦҚ-дан алғынған деректер

ЭЦҚ-ның қойылған күні мен уақыты

Отінімнің қабылданғаны туралы хабарлама:

Облыс басқармасы 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_ сағат 00:00-де қабылдады:

ЭЦҚ-дан алғынған деректер

ЭЦҚ-ның қойылған күні мен уақыты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК